150	DN 150											
	Электр қозғалтқышының білігіне қуат, P2 [P2 = типтік белгіден шығатын сан/10]:											
40	4 кВт											
	Датчикпен орындалым:											
[-]	Стандартты											
A	Датчикпен орындалым											
	Сорғы орындалымы:											
[-]	Стандартты											
Ex	Жарылысқа қорғалған											
	Полюстер саны:											
2	2 полюсті											
4	4 полюсті											
	Жиілік:											
50	50 Гц											
	Іске қосылу барысындағы кернеу және қосу сызбасы:											
0B	3 × 400-415 В, тікелей қосылым											
0D	3 × 380-415 В, прямой пуск											
1D	3 × 380-415 В, «жұлдыз-ұшбұрыш» сызбасы бойынша іске қосылым											
0E	3 × 220-240 В, тікелей қосылым											
1E	3 × 220-240 В, «жұлдыз-ұшбұрыш» сызбасы бойынша іске қосылым											
	Буындар:											
[-]	Бірінші буын											
A	Екінші буын											
B	Үшінші буын											
	Сорғы материалы:											
[-]	Шойыннан жасалған жұмыс деңгелегі, сорғы корпусы және электр қозғалтқыш корпусы											
Q	Тот баспайтын болаттан жасалған жұмыс деңгелегі, шойыннан жасалған сорғы корпусы және электр қозғалтқыш корпусы											
	Жеке тұтынушы/тапсырушы ерекшелігіне сәйкес өндіріс											
[-]	Стандартты орындалымдағы сорғы											
Z	Арнайы орындалымдағы сорғы											



Ескертпе
Жарылыс қорғаныштың кездесетін маркаулары:
 - 1 Ex d IIB T3 – T4 Gb X
 - 1 Ex d mb IIB T3 – T4 Gb X
 - II Gb Ex c IIB T3 – T4 X/1 Ex d IIB T3 – T4 Gb X
 - II Gb Ex c IIB T3 – T4 X/1 Ex d IIB T3 – T4 Gb X/1 Ex mb II T4 Gb



Ескертпе
Жарылыс қорғанышты орындалымдағы электр қозғалтқыш дайындаушы-зауытта орнатылған ағытылмайтын қорек кабелінің жалғануымен жабдықталған. Статордың орамасындағы 150 °C температураға әсер ететін жылу қорғанышы температураның тікелей бақылауын қамтамасыз етеді. Сорғылар опционалды WIO майдағы су датчиктерімен жабдық ала алады. WIO датчигінде 1Ex mb II T4 Gb, Ex mD 21 T135 °C қорғаныш түрлері бар.



Ескертпе
Жиілікті түрлендіргішпен пайдалану мүмкіндігі бар, бұл кезде температура сыныбы T3 сыныбына ауысады. Фирмалық тақташада көрсетілген номиналды жиілік сорғыны пайдалану кезіндегі ең жоғарғы жол берілетін жиілік болып табылады. Айналу жиілігі тұрақты сорғылардың температуралық сыныбы – E4.

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын, оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.


Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе
Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.



Қондырғыны қорек кабелінен немесе сорғының иілгіш тегеурінді түтіктен/ құбырдан ұстап көтеруге тыйым салынады.

Жүккөтергіш құрылғы нақты осы мақсаттар үшін ыңғайластырылған болуы тиіс және қолданыс алдында ақаулықтарының жоқтығын тексеру керек. Қандай жағдай болмасын құрылғының жол берілген жүккөтерімділігінен асыруға болмайды. Сорғының салмағы сорғыға арналған фирмалық тақташада көрсетілген.



Ескертпе
Сорғыны көтеру кезінде бұл үшін тек сорғыдағы көтеру қапсырмасын қолданыңыз немесе егер сорғы палеттің үстінде болатын болса, айырлы автотиегіш қолданыңыз.



Ескертпе
Сорғыны көтермес бұрын көтеру қапсырмасының мықты тартылғанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда мықтап тартыңыз. Сорғыны көтеру немесе тасымалдау кезіндегі кез келген абайсыздық персоналдың жарақат алуының немесе сорғының зақымдануының себебі болуы мүмкін.

6. Қолданылу аясы

1,1 ден 11 кВт дейінгі SL1 және SLV сорғылары келесі сұйықтықтарды айдауға арналған:

- көп мөлшердегі дренажды және жер үсті сулары;
- деретханалардан ағатын тұрмыстық ағын сулар;
- құрамында талшықтар көп тұрмыстық ағын сулар (еркін-вихрлі жұмыс деңгелегі);
- өнеркәсіптік ағын сулар;
- газ тәрізді қосылымдары бар ағын сулар;
- муниципалды және өнеркәсіптік ағын сулар



Ескертпе
SL1.50 сорғылардың құрамында фекаль бар ағымдарға қолдануға жол берілмейді. SLV.65 сорғыларын тек локалды жүйелерде қолданылады.

SL1 және SLV сорғыларды келесі нысандарда қолдануға өте қолайлы:

- қалалық кәріздік сорғылы стансалары;
- тазалау қондырғылары;
- жауынды сорғы стансалары;
- қоғамдық ғимараттар;
- көпқабатты үйлер;
- өнеркәсіп;
- гараждар;
- көпдеңгейлі автотұрақтар;
- автожуулар
- ресторандар.

7. Қолданылу қағидаты

1,1 ден 11 кВт дейінгі SL1, SLV сорғыларының қолданылу қағидаты сорып алу келте құбырынан тегеурінді келте құбырына жылжитын сұйықтықтың қысымын жоғарылатуда негізделген.

Қысымды жоғарылату электр қозғалтқыштың сорғы білігімен айналып тұрған жұмыс деңгелегі арқылы біріктірілген білігінен механикалық қуат беру жолымен жүргізіледі. Сұйықтық кіруден жұмыс деңгелегінің ортасына ағады және әрі қарай оның қалақтарының бойымен ағады. Сыртқа тепкіш күштердің әсерінен сұйықтықтың жылдамдығы ұлғаяды, бұндай кезде, қысымда пайда болатын кинетикалық қуат өседі. Спиральды камера жұмыс деңгелегіндегі сұйықтықты жинап, оны тегеурінді келтеқұбырға бағыттауға арналған.

8. Құрастыру



Ескертпе
Сорғыларды сұйық қоймаға орнату білікті персоналмен жүзеге асырылуы тиіс. Сұйық қоймада немесе оның жанында жүргізілетін жұмыстар жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы тиіс.



Ескертпе
Желілік ажыратқышты 0 күйіне ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Ажыратқыштың типі P МЭК 60204 МемСТ 5.3.2 тармағында көрсетілген.


Қауіпсіздік техникасының талаптарына сәйкес сұйыққоймадағы барлық жұмыстар, сұйыққоймадан тыс жерде орналасқан, бақылаушының жетекшілігімен орындалуы тиіс.

Батырмалы кәріздік сорғыларды орнатуға арналған құдықтарда құрамында улы және/немесе адамдар денсаулығына қауіпті заттар бар ағын сулары болуы мүмкін. Сондықтан қорғаныш құралдарын қолдану және қорғанышты арнайы киім кию ұсынылады.



Ескертпе

Құрастыру кезінде сорғыны үнемі көтеру шынжырларының көмегімен сүйемелдеңіз немесе неғұрлым тұрақты болу үшін сорғыны көлденең күйге келтіріңіз.



Сорғыны құрастырар алдында сұйық қойманың түбі тегіс екендігіне көз жеткізіңіз.




Ескертпе

Құрастыруды бастар алдында, кездейсоқ қосылуды кепілді болдырмау үшін, қорек көзін ажыратып тастаған жөн және желілік ажыратқышты 0 күйіне ауыстыру керек. Жұмысқа кіріспес бұрын сорғыға жалғанған барлық сыртқы қорек көздерін ағытып тастау керек.

Орнатардың алдында мыналарға көз жеткізіңіз:

- Сорғының тапсырысқа сәйкес келетіндігіне.
- Сорғының орнатылатын жердегі кернеуге және қорек жиілігіне сәйкес келетіндігіне.
- Керек-жарақтарының және басқа құрылғыларының тасымалдау кезінде зақымданбағандығына.



Керек-жарақтар туралы қосымша ақпаратты www.grundfos.ru сайтындағы SL1, SLV сорғыларының каталогынан табуға болады.


Сорғымен бірге жеткізілетін қосымша фирмалық тақташаны басқару шкафының ішіндегі кабельге бекітіп қойған жөн. Сорғыны орнату орнында қауіпсіздік техникасы бойынша барлық талаптар орындалуы тиіс, мысалы, қажет болған жағдайда сұйық қоймаға таза ауа беру үшін желдеткіш қолданған жөн.

Құрастыру алдында май камерасындағы майдың деңгейін тексеріңіз. 12. Техникалық қызмет көрсету тарауын қар.



Ескертпе

Егер сорғы қорек көзіне жалғанған болса, сорғы ажыратылмайынша, ешбір жағдайда қолыңызды немесе құрал-саймандарды оның сорып алатын немесе тегеурінді келте құбырының саңылауларына жақындатушы болмаңыз. Кернеудің кездейсоқ қайталанып немесе рұқсатсыз қосылатын мүмкіндігінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.



Дұрыс құрастырмаудың салдарынан сорғылардың сынуын болдырмас үшін, біз әрдайым Grundfos компаниясының түпнұсқалы керек-жарақтарын қолдануды ұсынамыз.



Ескертпе


Сорғыны көтеру үшін тек көтеру қапсырмасын қолданыңыз. Оны жұмыс уақытында сорғыны бекітуге қолдануға болмайды.

Сорғыны құрастырудың типтері

SL1 және SLV сорғылары құрастырудың екі типіне арналған:

- автоматты құбырлы муфтадағы батыру қондырғысы;
- шығыршықты негіздегі тасымалды батыру қондырғысы.

8.1 Автоматты құбыр муфтасындағы батыру қондырғысы




3-сур. Автоматты құбыр муфтасындағы батыру қондырғысы

Стационарлы орнату кезінде сорғылар құбыр бағыттағыштары бар қозғалмайтын құбыр бағыттағышы бар автоматты құбырлы муфта жүйесіне құрастырыла алады. Автоматты құбырлы муфтань құрылымы сервистік және қызмет көрсету жұмыстарын жүргізуді жеңілдетеді, себебі сорғы сұйық қоймадан оңай алынады.



Ескертпе

Жарылыстан қорғалмаған сорғыны орнатуын бастамас бұрын, құдықтың ішіндегі атмосфера жарылыс қауіпті емес екендігіне көз жеткізіңіз.



Құбыр желісіне дұрыс құрастырмаудың салдарынан туындауы мүмкін ішкі кернеулер әсерін тигізбеуі тиіс. Сорғыға құбыр желісінен жүктемелер берілмеуі тиіс. Орнату үдерістерін жеңілдету үшін және күштердің құбыр желісінен ернемектер мен бұрандаларға өтуін болдырмас үшін, бос ернемектерді қолдану ұсынылады.



Құбыр желісінде тығыз элементтерді немесе компенсаторларды қолдануға болмайды; бұл элементтер ешбір жағдайда құбыр желісін орталықтандыруға қолдануға болмайды.

Келесілерді орындаңыз:

1. Сұйыққойманың ішкі жиегіне құбыр бағыттағыштардың кронштейндерін бекітуге арналған саңылаулар тесу керек. Кронштейндерді алдын ала екі көмекші бұрандалармен бекітіп қойыңыз.
2. Автоматты құбырлы муфтань төменгі бөлігін сұйыққойманың түбіне орнатыңыз. Оны өлшеу құралының көмегімен қатаң тігінен қойыңыз. Құбырлы автоматты муфтаны керме бұрандалардың көмегімен бекітіңіз. Егер сұйыққойманың түбінің беті тегіс болмаса, автоматты муфтань астына, бұрандаларды қатайтып тартқан кезде, көлденең күйін сақтайтындай қылып, тиісті тіреулер орнатылуы керек.
3. Тегеурінді құбыр желісін, оның ішінде ішкі кернеулердің туындауын болдырмайтын белгілі тәсілдерді қолдана отырып құрастыруды орындау.
4. Құбыр бағыттағыштарды автоматты муфтань тіреуішіне орнатыңыз және олардың ұзындығын сұйық қойманың жоғарғы бөлігіне бағыттайтын кронштейн бойынша дәл келтіру керек.
5. Құбыр бағыттағыштардың алдын ала бекітілген кронштейнін ағытып алыңыз.

TM04 2650 2808

Кронштейнді құбыр бағыттауыштарға бекітіңіз. Құбыр бағыттауыштардың кронштейнін сұйық қойманың ішіне бекітіңіз.

Нұсқау


Бағыттағыштардың білік бойынша солқылдауы болмауы тиіс, әйтпесе сорғының жұмыс істеу кезінде шу пайда болуы мүмкін.

- Сұйық қойманың ішіне сорғыны түсірер алдында, оны ішіндегі қоқыстан және т. б. тазартыңыз.
- Жартылай муфтаның бағыттағыш жұдырықшасын сорғының тегеурінді келтеқұбырына бекітіңіз.
- Жартылай муфтаның бағыттағыш жұдырықшасын құбырлы бағыттағыштарға іліктіріңіз, содан кейін сорғының көтеру қапсырмасына бекітілген шынжырдың көмегімен сорғыны сұйық қоймаға түсіріңіз. Сорғы автоматты құбырлы муфтаның төменгі бөлігіне жеткен кезде, оның бұл муфтамен автоматты түрде герметикалық қосылуы болады.
- Шынжырды сұйық қойманың үстіңгі жағындағы тиісті ілмекке іліп қойыңыз. Шынжырдың сорғының корпусына тимеуін қадағалаңыз.
- Электр қозғалтқыштың кабелінің ұзындығын қиылыстырып келтіріңіз. Ол үшін, пайдалану кезінде кабель зақымданбайтындай қылып, оны босату құрылғысына (кабельдің созылуын болдырмайтын) орап қойыңыз. Кабельді механикалық кернеуден босату құрылғысын сұйық қойманың үстіңгі бөлігіндегі тиісті ілмекке бекітіп қойыңыз. Кабель қатты иілген немесе қысулы болмауы керек.
- Электр қозғалтқыштың кабелін қосыңыз.

Нұсқау

Кабельдің ұшын суға түсіруге тыйым салынады, себебі бұндай жағдайда кабельдің ішіне су кіруі мүмкін.

8.2 Шығыршықты негіздегі тасымалды батыру қондырғысы



TM04 2651 2808

4-сур. Шығыршықты негіздегі тасымалды батыру қондырғысы

Тасымалды батыру қондырғысына арналған сорғылар сұйық қойманың түбіне еркін орнатыла алады. Сорғы шығыршықты негізде орнатылуы тиіс. 4-сур. қар.

Шығыршықты негізді керек-жарақ ретінде жеке алуға болады.

Сервистік жұмыстарды жеңілдету үшін, ауыспалы иінді қолданыңыз немесе сорғының тегеурінді желіден ажыратылуын жеңілдету үшін, тегеурінді келтеқұбырға арналған муфтаны қолданыңыз.

Құбыршек қолданған кезде оның қалыпының өзгеруін болдырмайтын жағдайды қамтамасыз ету керек, ал құбыршектің немесе түтіктің ішкі диаметрі сорғының тегеурінде келтеқұбырының өлшеміне сәйкес келуі тиіс.

Қатты құбыр қолданған кезде, сорғыдан бастап, келесі ретте арматура орнату керек: муфта, кері клапан және ілмекті арматура.

Егер сорғы лас немесе тегіс емес жерге қойылатын болса, оны кірпіштің немесе басқа осыған ұқсас тіреудің үстіне орнатыңыз.

Келесіні орындаңыз:

- Тегеурінді келте құбырға иінді 90° орнатыңыз және тегеурінді құбыр мен құбыршекті жалғаңыз.
- Сорғының көтеру қапсырмасына бекітілген шынжырдың көмегімен сорғыны сұйықтыққа түсіріңіз. Сорғыны тегіс қатты жерге қойған жөн. Сорғы кабельмен емес, шынжырмен түсірілуі тиіс. Сорғының сенімді орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Шынжырды сұйық қойманың үстіңгі ілмекке іліп қойыңыз. Шынжырдың сорғы корпусына тимеуін қадағалаңыз.
- Электр қозғалтқыштың кабелінің ұзындығын қиылыстырып келтіріңіз. Ол үшін, пайдалану кезінде кабель зақымданбайтындай қылып, оны босату құрылғысына (кабельдің созылуын болдырмайтын) орап қойыңыз. Кабельді механикалық кернеуден босату құрылғысын сұйық қойманың үстіңгі бөлігіндегі тиісті ілмекке бекітіп қойыңыз. Кабель қатты иілген немесе қысулы болмауы керек.
- Электр қозғалтқыштың кабелін қосыңыз.

Нұсқау

Кабельдің ұшын суға түсіруге тыйым салынады, өйткені бұндай жағдайда кабельдің ішіне су кіруі мүмкін.

8.3 Сорып алатын және тегеурінді ернекектерді қатайтып тарту сәттері

4.6 маркалы цинктелген болаттан жасалған бұрандалар мен сомындар (5).

Номналды диаметр	Бекіту саңылауларының бекіту диаметрі [мм]	Сомындар	Көрсетілген қатайтып тарту сәттері ±5 [Нм] деңгелектенген	
			Жұқалап майлау	Қалыңдап майлау
DN 65	145	4 × M16	70	60
DN 80	160	8 × M16	70	60
DN 100	180	8 × M16	70	60
DN 150	240	8 × M20	140	120

(AISI 304) A2.50 маркалы болаттын жасалған бұрандалар мен сомындар

Номналды диаметр	Бекіту саңылауларының бекіту диаметрі [мм]	Сомындар	Көрсетілген қатайтып тарту сәттері ± 5 [Нм] деңгелектенген	
			Жұқалап майлау	Обильная смазка
DN 65	145	4 × M16	–	60
DN 80	160	8 × M16	–	60
DN 100	180	8 × M16	–	60
DN 150	240	8 × M20	–	120

Тығыздағыш Klingersil C4300 сияқты арматураланған қағаздан жасалған толықпрофильді болуы тиіс. Егер неғұрлым жұмсақ материалдан жасалған тығыздағыш қолданылатын болса, қатайтып тарту сәттерін өзгерту керек.

Назар аударыңыз

9. Электр жабдықты қосу

Ескертпе
Сорғының «құрғақ» айналуына жол бермеңіз.

Деңгейді бақылаудың қосымша релесі деңгейді бақылау релесі істен шыққан жағдайда сорғының тоқтатылуын қамтамасыз ету үшін орнатылуы тиіс.



Ескертпе

Барлық полюстерді ажыратып тастаған кезде, сыртқы ажыратқыштың түйісілерінің арасындағы ауа саңылауы 3 мм (әрбір полюс үшін) аз болмауы тиіс. Желілік ажыратқышты 0 күйіне ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Ажыратқыштың типі Р МЭК 60204-1 МемСТ 5.3.2 тармағында көрсетілген.

Электр жабдықтарын қосу жергілікті нормалар мен ережелерді сақтай отырып орындалуы тиіс.

Ескертпе

Сорғылар электр қозғалтқышты қорау релесімен жабдықталған басқару шкафына қосылуы тиіс, ағыту сыныбы 10 немесе 15.

Ескертпе

Электр қозғалтқыш қорғанышының тізбегінің электрқорегі 2 сыныпты төмен кернеумен қамтамасыз етілуі тиіс.

Электр қозғалтқыштың қорғанышын жалғау схемасын 9.1 Электр жалғауларының схемасы тарауынан қар.

Ескертпе

Қауіпту жерлерге орнатуға арналған сорғылар электр қозғалтқышты қорау релесімен жабдықталған басқару шкафына қосылуы тиіс, ағыту сыныбы 10.

Ескертпе

Басқару блоктарын, Grundfos басқару шкафттарын, жарылыстан қорғану құралдарын және электр қозғалтқыштың кабельінің бұс ұшын потенциалды жарылыс қауіпті жағдайларды орнатуға мыйым салынады.

Жарылысқорғанышты орындалымдағы сорғыларға жерге тұйықталудың сыртқы өткізгішінің сорғыдағы жерге тұйықтаудың сыртқы клеммасына қосылуын қамтамасыз ету керек. Бұл үшін қорғанышты кабельді қамыты бар сымды қолданыңыз. Жерге тұйықтаудың сыртқы жалғауларының бетін тазартыңыз және кабельді қамытты орнатыңыз.

Жерге тұйықтаудың өткізгішінің тарамы 4 мм кем болмайы тиіс, мысалы H07 V2-K (PVT90) типті сары/жасыл.

Жерге тұйықталудың жалғаулары тот басудан қорғалған. Барлық қорғаныш құрылғыларының дұрыс жалғануым қамтамасыз ету керек.

Потенциалды жарылыс қауіпті орталарда қолданылатын қалқымалы ажыратқыштар жарылыс қорғанышты орындалымда болуы тиіс. Олар тізбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Grundfos LC, LCD 108 басқару шкафттарына LC-Ex 4 ұшқын қауіпсіз бөгет арқылы қосылуы тиіс.

Ескертпе

Егер электр қорегінің кабелі зақымданған болса, ол Grundfos сервистіе орталығымен немесе тиісті біліктілігі бар қызмет көрсетуші персоналмен айырбасталуы тиіс.

Электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы сорғының тұтынатын тогының өлшеміне бапталған болуы тиіс. Тұтынылатын ток сорғының фирмалық тақташасында көрсетілген.

Егер сорғының фирмалық тақташасында «Ex» (жарылыстан қорғау) маркалауы болатын болса, сорғының осы Нұсқаулықта келтірілген нұсқауларға сәйкес дұрыс қосылуын қамтамасыз ету керек.

Кернеудің және қоректейтін желінің ток жиілігінің мәндері фирмалық тақташада көрсетілген. Кернеудің жол берілетін ауытқуы номиналды кернеуден $\pm 10\%$ шегінде болуы тиіс. Электр қозғалтқыштың электр сипаттамаларының қорек көзінің бар параметрлеріне сәйкестігін тексеріңіз.

Барлық сорғылар 10 м кабельмен жеткізіледі, кабельдің ұшы бос болады.

Майдағы судың датчигі жоқ сорғылар келесі басқару шкафттарының біріне қосылуы тиіс:

- электр қозғалтқышты қорғау автоматы бар басқару блогы, бағыт., Grundfos компаниясының CU 100 блогы;
- Grundfos компаниясының LC/LCD 107, LC/LCD 108 немесе LC/LCD 110 басқару шкафы;
- Dedicated Controls басқару жүйесі, DC басқару шкафы.

Майдағы судың датчигі бар сорғылар IO 113 Grundfos модуліне және басқару жүйелерінің үш типінің біріне қосылуы тиіс:

- электр қозғалтқышты қорғау автоматы бар басқару блогы, бағыт., Grundfos компаниясының CU 100 блогы;
- Grundfos компаниясының LC/LCD 107, LC/LCD 108 немесе LC/LCD 110 басқару шкафы;
- Dedicated Controls басқару жүйесі, DC басқару шкафы.

Ескертпе

Құрастырар алдында және бірінші рет сорғыны іске қосар алдында, қысқа тұйықталуды болдырмас үшін кабельдің күйін тексеріңіз.

WIO датчигі бар сорғылар

WIO датчигімен жабдықталған сорғыларды қауіпсіз орнату және пайдалану үшін сорғы мен қуатты түйістіргіштің арасына резистивті-сыйымдылық сүзгі орнату ұсынылады.

Егер резистивті-сыйымды сүзгі құрастыру кезіндегі қандайда бір тербелістерді болдырмау үшін орнатылатын болса, ол қуатты түйістіргіш пен сорғының арасына орнатылуы тиіс.

Назар аударыңыз



Электр қорегі жүйесінде тербелістер болған жағдайда келесі факторлар мәселелер туындатуы мүмкін:

- Электр қозғалтқыштың қуаттылығы:
 - Электр қозғалтқыш үлкен болған сайын, тербелістер көп болады.
- Электр қозғалтқыштың кабелінің ұзындығы:
 - Қуатты және сигналды өткізгіштер бір біріне жақын параллельді тартылатын болса, өткізгіштің ұзындығының ұлғайуынан қуатты және сигналды өткізгіштердің арасындағы кедергіге әкеліп соғатын тербелістер қауіпі ұлғаяды.
- Тарату қалқанының схемасы
 - Қуатты және сигналды өткізгіштер мейлінше бір бірінен ажыратылған болуы тиіс. Кабельдерді бір біріне жақын орналастыру тербелістер кезінде кедергілерге әкеліп соғуы мүмкін.
- Қорек желісінің «Қаттылығы»
 - Егер қондырғыға жақын жерде трансформатор стансасы орналасқан болса, қорек желісі «қатты» болуы мүмкін және тербелістер деңгейі жоғары болады.

Жоғарыда көрсетілген факторлардың үйесуі кезінде WIO датчиктері бар сорғыларды тербелістерден қорғау үшін, резистивті-сыйымды сүзгі орнату қажет.



Баяулап іске қосу жүйелерін қолдану кезінде тербелістерді толығымен шеттеуге болады. Бірақ баяулап іске қосу жүйелері және жиілікті-реттелгіш жетектері ескерілуі қажетті ЭМУ басқа қиындытары бар екендігін білу керек.

Қосымша ақпарат 9.7 *Жиілікті түрлендірігішпен пайдалану* тарауында келтірілген.




9.1 Электр жалғауларының схемалары


Сорғылар 7-тармақты немесе 10-тармақты кабельмен жеткізіледі. 7-тармақты кабельге арналған электр жалғауларының схемаларын 5-сур. немесе 10-тармақты кабельге арналған электр жалғауларының схемаларын 6, 7 және 8-сур. қар. Қосымша ақпаратты нақты блоктың моделіне немесе сорғымен басқару шкафына арналған Төлқұжаттан, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулықтан табуға болады.



Стандартты орындалу
Термоажыратқыш және
ылғалдылық релесі





Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТ1000
резисторы, ылғалдылық релесі
және майдағы су датчигі




Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТС терморезисторы,
ылғалдылық релесі және майдағы
су датчигі


5-сур. 7-тармақты кабельге, арналған электр жалғауларының схемасы, тікелей іске қосу



Стандартты орындалу
Термоажыратқыш және
ылғалдылық релесі



Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТ1000
резисторы, ылғалдылық релесі
және майдағы су датчигі





Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТС
терморезисторы, ылғалдылық релесі
және майдағы су датчигі


6-сур. 10-тармақты кабельге арналған электр жалғаулар схемасы, «жұлдызша-үшбұрыш» жалғауы (Y/D)

TM04 6884 0314


TM04 6885 0314



Стандартты орындалу
Термоажыратқыш және
ылғалдылық релесі





Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТ1000
резисторы, ылғалдылық релесі
және майдағы су датчигі




Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТС
терморезисторы, ылғалдылық релесі
және майдағы су датчигі


7-сур. 10-тармақты кабельге арналған электр жалғаулар схемасы, «жұлдызша» жалғауы (Y)



Стандартты орындалу
Термоажыратқыш және
ылғалдылық релесі



Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТ1000 резисторы,
ылғалдылық релесі және майдағы
су датчигі



Датчиктармен орындалу
Термоажыратқыш, РТС
терморезисторы, ылғалдылық релесі
және майдағы су датчигі

8-сур. 10-тармақты кабельге арналған электр жалғаулар схемасы, «үшбұрыш» жалғауы (D)

Сорғының термоажыратқышпен немесе РТС терморезисторымен жабдықталғанын анықтау үшін, электр қозғалтқышты орамасындағы кедергіні өлшеңіз.

	Кабельсіз	Ұзындығы 10 м кабельмен	Ұзындығы 15 м кабельмен
Термоажыратқыш	< 50 мОм	< 320 мОм	< 390 мОм
РТС терморезисторы	>100 мОм	> 370 мОм	> 440 мОм

TM04 6886 0314

TM04 6887 0314

9.2 Басқару шкафтары

Басқару шкафтарының келесі нұсқалары болуы мүмкін:

- ауа қоңырауы түріндегі LC 107 және LCD 107 датчиктерімен
- LC 108 және LCD 108 қалқымалы ажыратқыштарымен
- LC 110 және LCD 110 электродтарымен
- Dedicated Controls басқару жүйесі, DC басқару шкафы.

LCD – екі сорғылы жүйелер үшін LC басқару шкафтары бір сорғылы жүйелер үшін қолданылады. Dedicated Controls басқару шкафы алты сорғыға дейін басқаруға арналған. Басқару шкафтары туралы қосымша ақпаратты нақты басқару шкафының моделіне арналған Төлқұжаттан, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтан немесе www.grundfos.ru сайтынан таба аласыз.

9.3 PT 1000 температураны өлшеу датчигі және PTC терморезисторы

Барлық SL1 және SLV сорғыларының статор орамасына кіріктірілген жылу қорғанышы бар.

WIO датчигі жоқ сорғылар

Датчигі жоқ сорғылар термоажыратқыштармен немесе PTC терморезисторларымен жабдықталған. Қатты қызу жағдайында (150 °C жуық) басқару шкафының ажырату қорғаныш кескіні арқылы термоажыратқыш шынжырды айыру арқылы сорғыны тоқтатады. Салқындағаннан кейін термоажыратқыш қайта шынжырды тұйықтайды. PTC терморезисторларымен жабдықталған сорғыларды пайдалану барысында, терморезисторды PTC релесіне немесе шынжырда тұйықтау үшін 150 °C температурасына сай IO 113 модуліне қосыңыз.

Термоажыратқыштардың ең жоғары жұмыс тогі 0,5 А. Ал 500 В және $\cos \varphi = 0,6$ айнымалы тоқта термоажыратқыш шынжырдағы контурды қорек көзінде тарқату қажет.

WIO датчигі бар сорғылар

WIO датчигі бар сорғылар не термоажыратқышпен және Pt1000 датчигімен, немесе жабдықты орнату орнына байланысты орамдардағы PTC терморезисторларымен жабдықталған.

Басқару шкафының қорғанышты ағытымының контуры арқылы термоажыратқыш мпен терморезисторлар қызып кету жағдайында сорғы жұмысын тоқтатады (шамамен 150 °C).

Салқындағаннан кейін, термоажыратқыш пен терморезистор тізбекті қайтадан тұйықтайды.

Pt1000 сияқты терморезистордың да мейлінше жоғары жұмыс тогымен тұрақты тогының 24 В барысында 1 мА құрайды.

Жарылысқа қорғалмаған орындалымдағы сорғылар

Термоажыратқыш егер тізбек орамның суығанынан кейін, тізбек тұйықталатын болса, басқару шкафы арқылы сорғыны қайта іске қосу орын алады.

Дарылысқа қорғалған орындалымындағы сорғылары

Ескертпе

Жарылысқа қорғалған орындалымындағы сорғыларының термоажыратқыштары сорғының автоматты қайта іске қосылуын орындамауы керек. Бұл потенциалды жарылысқа қауіпті жағдайларда қызып кетуінің алдын алады. Датчиктері бар сорғыларда бұл IO 113 модулінде R1 және R2 клеммаларының арасындағы тұйықталу жолымен қол жеткізіледі. Төлқұжат, IO 113 құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтағы техникалық сипаттамаларды қар.




Ескертпе

Электр қозғалтқышы және басқару шкафы қорғанышының жеке автоматы потенциалды жарылысқа қауіпті жағдайларда орнатылмау керек.

9.4 WIO датчигі (майдағы су)

WIO датчигі майдағы судың болуын өлшейді және ұқсас сигналға өлшенген мәнді қайта түзеді.

Датчиктің екі жетегі қорек үшін және IO 113 модульне сигнал беру үшін қызмет етеді. Датчик 0-ден 20 %-ға дейінгі судың концентрациясын өлшейді. Сонымен қатар ол қалыпты диапазон шегінен шығатын (ескертпе) су концентрациясы барысында немесе майлы камераға ауа түсуі барысында (авариялық сигнал) сигнал береді. Механикалық зақымдануын болдырмау үшін, датчик тот баспайтын болаттан жасалған құбыр ішінде болады.



9-сур. WIO датчигі

9.4.1 Майда су датчигін орнату

Бұл датчик білік тығыздағышының бірімен қатар орнатылады. 9-сур. қар. Датчик өзіне майдың түсуі үшін, электр қозғалтқышының айналым бағытына қарсы еңкіш болуы керек. Датчик майға батырылуы керек.

9.5 Ылғалдылық релесі

Стандартты орындалымындағы барлық сорғылар қорек кабелі арқылы 10. Пайдалануға беру тарауын қар, оған және жеке автоматты ажыратқышқа жалғанған ылғалдылық релесін жабдықтайды.

Ылғалдылық релесі электр қозғалтқышының төменгі бөлігінде орналасқан. Электр қозғалтқышында ылғал болуы барысында реле тізбекті ажыратады және IO 113 сигналын жөнелтеді.

Ылғалдылық релесінде бастапқы күйіне автоматты түсірілімі жоқ және сондықтан іске қосылғаннан кейін ол жаңасымен айырбасталады.

Ылғалдылық релесі сигналды релеге қосылады және сорғыны басқарудың жеке шкафының қорғанышты ажыратқыш контурымен жалғануы керек. 9. Электр жабдықты қосу тараын қар.

Сорғының басқару шкафының электр қозғалтқыштарының қорғаныш автоматы егер ажыратудың қорғаныш тізбегі ажыратылған болса, қорек кернеуі автоматты түрде ажырататын контуры болуы керек.

Назар аударыңыз

9.6 IO 113

IO 113 модулі сорғыны басқарудың ұқсас және сандық датчиктері және құрылғысы бар Grundfos кәріз сорғыларының арасындағы байланысын қамтамасыз етеді. Датчиктерінің аса маңызды параметрлері модульдің алдыңғы панелінде көрінеді.

IO 113 модуліне тек бір ғана сорғы жалғанады.

Стандартты орындалымындағы IO 113 модулі мыналарға мүмкіндік береді:


- сорғыны қызып кетуден қорғау
- келесі параметрлерді бақылау:
 - электр қозғалтқышының орамының температурасы;
 - жылыстау (майдағы су);
 - сорғыдағы ылғалдың болуы.
- статор оқшаулауының кедергісін өлшеу;

TM04 5238 2909 - TM03 1164 1105

- авария жағдайында сорғыны ажырату;
- RS-485 көмегімен сорғыны қашықтан бақылау (Modbus немесе GENIbus арқылы);
- жиілік түрлендіргішіне қосылған сорғымен жұмыс.



Ескертпе
IO 113 модуль жоғарыда сипатталған өзгеше мақсаттар үшін қолдануға болмайды.



TM05 1881 3811

10-сур. Модуль IO 113

Айқ.	Атауы
1	Авариялық сигнализация релесінің клеммалары
2	Ұқсас және сандық шығулар мен кірулер клеммалары
3	Қорек кернеуін беретін клеммалар
4	Статор оқшаулауының кедергісінің жол берілетін мәнін орнатуға арналған потенциометр
5	GENIbus немесе Modbus үшін RS-485 клеммалары
6	Ылғалды өлшеудің желілік индикаторы
7	Статор оқшаулауы кедергісінің жарықтық индикаторы
8	Жылыстаудың жарықтық индикаторы (WIO)
9	Сорғы дірілінің жарықтық индикаторы
10	Статор оқшаулауының кедергісін өлшеуге арналған клеммалар
11	Датчиктерді қосуға арналған клеммалар
12	Конфигурацияны таңдауының DIP-ауысытырып қосқышы
13	Электр қозғалтқышының жарық индикаторының температурасы
14	Аварияны түсіру түймесі
15	Электр қозғалтқышы жұмысының жарықтық индикаторы
16	Сервистік қызмет көрсетудің жарықтық индикаторы
17	Сандық шығудың клеммалары

9.7 Жиілік түрлендіргішімен пайдалану

SL1/SLV сорғылары энергияны тұтынуды барынша төмендету мақсатында жиілік түрлендіргішімен пайдаланады.

Құбыр жетегінде тұнба түзілу қаупін болдырмау үшін, 1 м/с жоғары ағыны барысында жиілік түрлендіргіші бар сорғыны пайдалану ұсынылады.

Жиілік түрлендіргішімен жұмыс істеу үшін, келесі ақпараттарды меңгеру керек:

- Орындауға міндетті болатын талаптар. 9.7.1 тарауын қар.
- Орындауға қажетті болатын ұсыныстар. 9.7.2 тарауын қар.

• Ескеруі қажет болатын салдарлар. 9.7.3 тарауын қар.

9.7.1 Талаптары

- Электр қозғалтқышының жылылық қоғанышын қосу керек.
- Ауыстырып қосуының мейлінше төмен жиілігі: 2,5 кГц.
- Ең жоғарғы кернеу және кернеу өзгерісінің жылдамдығы төмендегі кестеге сәйкес келуі керек. Мұнда электр қозғалтқышының клеммаларында өлшенген мейлінше жоғары мәндері көрсетілген.

Кабель ықпалы есепке алынбаған. Ең жоғарғы кернеудің нақты мәндері және кернеу өзгерісі жылдамдығы мен оларға кабель ықпалын жиілік түрлендіргішінің техникалық деректерінен қарауға болады.

Мейілінше жоғары кезездік жоғары кернеу [В]	Кернеу өзгерісінің мейілінше жоғары жылдамдығы U_N 400 В [В/мк сек.]
850	2000

- Электр қозғалтқышының сипаттамаларына сәйкес жиілік түрлендіргішінің U/f коэффициентін орнатыңыз.
- Жергілікті ережелер мен нормаларды сақтау керек.

9.7.2 Ұсыныстар

Жиілікті түрлендіргіші орнатар алдында, сұйықтықтың нөлдік шығынын болдырмас үшін, қондырғыдағы мейілінше төмен жиілік есептелуі тиіс.

- Қозғалтқыштың айналу жиілігін номиналды жиіліктен 30 % төмен түсірмеген жөн.
- Ағыс жылдамдығын 1 м/сек. жоғары ұстап отыру керек.
- Құбыр желілерінің жүйесінде тұнбалардың түзілуін болдырмас үшін, сорғы күніне бір рет айналымның номиналды жиілігімен жұмыс істеуі тиіс.
- Айналым жиілігі фирмалық тақташада көрсетілген мәннен артпауы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда электр қозғалтқыштың шамадан тыс артық жүктелу тәуекелі туындайды.
- Қозғалтқыштың кабелі шама келгенше қысқа болуы тиіс. Жоғарғы кернеу қозғалтқыштың кабелін ұзартқан кезде ұлғаяды. Жиілікті түрлендіргіштің сипаттамаларын қараңыз.
- Жиілікті түрлендіргіші бар кіру және шығу сүзгілерін қолданыңыз. Жиілікті түрлендіргіштің сипаттамаларын қараңыз.
- Жиілікті түрлендіргіші бар қондырғыларда, электр құрылғыларының кедергісін болдырмас үшін, қозғалтқыштың экрандалған кабелін (ЭМУ) қолданыңыз. Жиілікті түрлендіргіштің сипаттамаларын қараңыз.

9.7.3 Салдары

Жиілікті түрлендіргіші қолдана отырып сорғыны пайдалану кезінде келесі болуы мүмкін салдар туралы ойлаған жөн:

- Қозғалтқыштың іске қосылу сәті, электр желісінен тікелей қорек алумен салыстырғанда төмен. Оның қаншаға төмен екендігі жиілікті түрлендіргіштің типіне байланысты болады. Болуы мүмкін сәтті тиісті құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтағы жиілікті түрлендіргіштің сипаттамаларынан қараңыз.
- Мойынтіректерге және біліктің тығыздағыштарына кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл әсердің дәрежесі нақты жағдайға байланысты болады. Оны алдын ала анықтау мүмкін емес.
- Акустикалық шудың деңгейі ұлғайуы мүмкін. Акустикалық шудың деңгейін қалай азайтуға болатындығын тиісті құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтағы жиілікті түрлендіргіштің сипаттамаларынан қараңыз.

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

Ұзақ уақыт сақтауда болғаннан кейін, сорғылық агрегаттың күйіне тексеріс жүргізу қажет, тек содан кейін ғана оны пайдалануға енгізу керек. Сорғының жұмыс деңгелінің еркін айналып тұрғанына көз жеткізіңіз. Бүйірлік тығыздағыштың, тығыздағыш шығыршықтардың және кабельді енгізілімдердің күйіне ерекше назар аудару керек.



Ескертпе
Бұйыммен жұмыс бастар алдында сақтандырғыштарды суырып алу керек немесе қоректі ағытыңыз. Барлық қорғанышты жабдықтың дұрыс қосылуын қамтамасыз ету керек. Сорғының «құрғақ» айналымына жол бермеңіз.



Ескертпе
Егер сұйыққоймада жарылыс қауіпті жағдайлар туындайтын болса, жарылыстан қорғалмаған сорғыны іске қосуға тыйым салынады.



Ескертпе
Сорғы іске қосылғаннан кейін, қамытты ашу персонал жарақатына немесе өлім-жітім жағдайларына алып келуі мүмкін.

10.1 Іске қосудың жалпы тәртіптері

Егер сорғы сұйыққоймаға түсірілгеннен кейін, біршама уақыттан соң, іске қосылатын болса, әрекеттердің бұл тәртіптері жаңа қондырғылар үшін, сонымен бірге техникалық қызмет көрсетуден кейінгі қондырғыларға арналған.

1. Сақтандырғышты суырып алу және жұмыс деңгелегінің еркін айналатындығына көз жеткізу керек. Жұмыс деңгелегін қолмен бұраңыз.



Ескертпе
Жұмыс деңгелегінде өткір шеттері болуы мүмкін-қолғап киіп жүріңіз.

2. Майлы камерадағы май күін тексеру. Сонымен қатар 12.1 Қарау тарауын қар.
3. Жүйелер, бұрандалар, төсемдер, құбырлар, клапандар және т.б. күйлерін тексеру.
4. Сорғыны жүйеге орнату.
5. Қоректі қосу.
6. Егер бақылау-өлшеу аспаптары бар болатын болса, оның тиісті атқарылымын тексеріңіз.
7. WIO датчикті сорғылары үшін IO113 модулін қосыңыз және авариялық сигналдар мен ескетрептерінің жоқтығын тексеріңіз. 9.6 IO 113 тарауын қар.
8. Ауа қоңырауы, қалқымалы ажыратқыштар немесе электродтар түріндегі деңгей датчигін бақылауды тексеріңіз.
9. Айналым бағытын тексеру. 10.3 Айналым бағыты тарауын қар. қар.
10. Бар болған тіректік арматураны ашу.
11. Сұйықтық деңгейін тексеру – S1 режиміне арналған сорғының электр қозғалтқышы жоғары болуы керек және S3 режиміне арналған электр қозғалтқышының ортасына дейін өтеді. 13-сур. қар. Егер сұйықтық мейлінше төмен деңгейге жетпейтін болса, сорғыны іске қосуға болмайды.
12. Сорғыны іске қосу, оған біршама уақыт жұмыс істеуге мүмкіндік беру, сұйықтық деңгейі төмендей ме.
13. Айдау қысымы тұтынылатын тоқтың қалыпты мәндеріне сәйкестілігін тексеру. Егер жоқ болса, сорғыға ауа түсуі мүмкін.

Нұсқау

Ауаны сорғыдан көтеру тізбегінің көмегімен сорғы жұмыс істеп тұрғанда, еңкейте отырып жоюға болады.

Сорғының шамадан тыс дірілі немесе шуылы барысында, сорғы жұмысындағы басқа олқылықтар немесе электр қорегімен қиындықтар туындағанда, тез арада сорғыны тоқтатыңыз. Сорғыны қайта жүктеу ақаулықтар себептері анықталып жойылғаннан кейін ғана жол беріледі.

Назар аударыңыз

Пайдаланудың бір аптасынан кейін немесе білік тығыздағышын айырбастағаннан кейін, майлы камерадағы майдың күйін тексеріңіз.

Датчиксіз сорғылар үшін, бұл май сынағын алу жолымен жасалады. 12. Техникалық қызмет көрсету тарауынан қар. Жоғарыда сипатталған үдерістерді сорғыны сұйыққоймадан суырып алғаннан кейін, әрбір қайта іске қосар алдында орындау керек.

10.2 Айналым бағыты


Сорғыны іске қосар алдында айналым бағытын тексеріңіз.

Дұрыс айналым бағыты электр қозғалтқышының корпусындағы нұсқарды көрсетеді. Дұрысы деп, егер электр қозғалтқышты жоғарыдан қарағанда сағат тілі бойынша айналым бағыты есептеледі.

Электр қозғалтқышының айналым бағытын сорғы жаңа жерге орнатылғанда, әр уақыттары тексеріп отыру керек.

Әрекеттер тәртібі

1. Сорғыны көтеру құрылғысында, мысалы, сұйыққоймаға сорғыны түсіру үшін, қолданылатын жүкшығырда көтеріп қою.
2. Сорғыны айналу сәті (жұлқи бағытымен) әрекетінің бағытын тексере отырып, сорғыны сол уақытта қосу және сөндіру. Егер сорғы дұрыс қосылған болса, жұмыс деңгелегі сағат тілі бағытымен айналатын болады, яғни жұлқи тарту сағат тіліне қарсы бағытта. 11-сур. қар.
3. Егер айналым бағыты қате болса, қорек кабелінің кез-келген екі кабелінің орындарын алмастыру керек. 5 немесе 7-сур. қар.



11-сур. Жұлқи бағыты

11. Пайдалану


Пайдалану талаптары 14. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.

Grundfos SL1 және SLV сорғылары келесі жағдайларда қолданыла алады:

- S1 режимі (үздіксіз пайдалану), сорғы электр қозғалтқышының жоғарғы нүктесіндегі айдау сұйықтығына үнемі толық батырылып тұруы керек 12-сур. қар.
- S3 режимі (үзіліспен жұмыс) сорғы электр қозғалтқышының ортасына дейінгі айдау сұйықтығына үнемі толық батырылып тұруы керек, 12-сур. қар.

S1 және S3 режимдері туралы қосымша ақпаратты 11.1 Жұмыс режимдері тарауынан табуға болады.

TM04 2657 2808



12-сур. SL сорғыларының жұмыс тәртібі

Айқ. Атауы

1	Көтеру қапсырмалары
2	Фирмалық тақташа
3	Майлы тығындар
4	Тегеурінді ернемек
5	Кабельді енгізілім
6	Қамыт
7	Сорғының корпусы


11.1 Жұмыс режимдері

Атаулы сорғылар кезеңдік пайдалануға арналған (S3). Айдалатын сұйықтыққа толық батырған кезде, сорғылар сонымен қатар үздіксіз режимде пайдаланылады (S1).

S3, кезеңдік пайдалану

S3 жұмыс режимі 10 минут уақыт кезеңінде сорғы 6 минутқа тоқтап, 4 минут бойы жұмыс істеу керектігін білдіреді. 13-сур. қар.


Бұл режимде сорғы айдалатын сұйықтыққа жартылай ғана батырылған, яғни сұйықтық деңгейі қозғалтқыштың ортасына дейін ғана жетеді. 12-сур. қар.



13-сур. S3, үзіліспен жұмыс істеу


S1, үздіксіз пайдалану режимі

Бұл режимде сорғы үздіксіз салқындату үшін, тоқтаусыз жұмыс істей алады. 14-сур. қар. Толық батырылған кезде, сорғы қоршаған айдалатын сұйықтықпен жеткілікті салқындатылады. 12-сур. қар.



14-сур. S1, пайдаланудың үздіксіз режимі

TM04 2649 2808



15-сур. Сорғыны іске қосу және тоқтату режимі

Сұйыққойманың тиімді көлемі жиіліктің сағатына мейлінше жоғары санынан асып кетпеуі үшін, соншалықты аз болмауына көз жеткізіңіз.

11.2 Потенциалды жарылықа қауіпті орта

Потенциалды жарылықа қауіпті жағдайларда жарылықа қорғалған орындалымындағы сорғыларын қолданыңыз. 4-тарауды қар.



Ескертпе

SL1 және SLV сорғыларын жарылықа қауіпті, өтрке қауіпті және тұтанғыш сұйықтықтарды айдау үшін, қолдануға үзілді-кесілді тиым салынады.



Ескертпе

Әрбір нақты жағдайдағы орнату орнын сыныптастыру жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес бекітілуі керек.

Ескертпе

Жарылықа қорғалған орындалымындағы SL1 және SLV сорғыларын қауіпсіз пайдалануға арналған маңызды талаптар:

- Ылғалдылық релесі мен термоажыратқыштардың бір тізбекке жалғасқандығын, алайда электр қозғалтқышының жоғары немесе жоғары температурасы жағдайында авариялық сигналдарға арналған бөлек шығулары бар (қозғалтқышты тоқтату).*
- Айырбастау барысында қолданылатын бұрандалар А2-70 сыныбында немесе 3506-1 ИСО Р МемСТ сәкестілігінен жоғары болуы керек.*
- Жарылықа қорғалған орындалымындағы буындар өлшемі туралы ақпарат алу үшін, өндірушімен байланысыңыз.*
- Айдау сұйықтығының деңгейі электр қозғалтқышымен басқару тізбегіне қосылған екі деңгей релесімен реттелуі керек. Мейлінше төмен деңгей құрастыру типіне байланысты және осы құжатта көрсетілген.*
- Үнемі қосылып тұраатын кабель лайықты түрде қорғалуы және потенциалды жарылықа қауіпті аймақтарының шегінде орналасқан сәйкес клеммалық қорапқа келтірілуі керек.*
- Сорғыларға арналған қоршаған ортаның температурасы -20 °С-дан +40 °С дейін, ал айдау сұйықтығының мейлінше жоғары температурасы +40 °С құрайды. Майдағы су датчигі бар сорғыларға арналған мейлінше төмен қоршаған орта температурасы 0 °С құрайды.*



TM04 4527 1509

TM04 4528 1509

TM04 2654 2808

7. Статор орауындағы жылылық қорғанышының іске қосылуының номиналды температурасы 150 °С, бұл электр қорғанышының ағытылуына кепілдік береді; қорек берілісін қалпына келтіру қолмен орындалады.
8. Басқару құрылғысы қорек көзінің қысқаша тұйықталуынан майдағы су датчигін қорғауын қамтамасыз етеді. Басқару блогынан түсетін мейлінше жоғары ток 350 мА артпауы керек.

Бұйым баптауларды талап етпейді.

12. Техникалық қызмет көрсету

Нұсқау

Сорғыға техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды сорғы сұйыққоймадан тыс жерде болғанда жүргізу ұсынылады.



Ескертпе
Техникалық қызмет көрсету кезінде, сонымен қатар сервистік орталыққа тасымалдау кезінде сорғыны үнемі көтеру шынжырларының көмегімен бекітіңіз немесе неғұрлым тұрақты болу үшін, сорғыны көлденең күйге келтіріңіз.



Ескертпе
Сорғыны пайдалануды бастар алдында сақтандыргыштарды ағытып алыңыз немесе қоректі ажыратыңыз. Кернеудің рұқсатсыз немесе кездейсоқ қайталанып қосылу мүмкіндігінің болмайтындығына көз жеткізіңіз. Барлық айналатын тетіктері мен бөлшектері жылжымайтын болуы тиіс.



Ескертпе
Техникалық қызмет көрсету жұмыстарын бастар алдында желілік ажыратқышты алдын ала 0 күйіне ауыстыру керек. Барлық айналатын буындары мен тетіктері қозғалмайтын болуы керек.

Ex

Ескертпе
Жарылыс қорғанышты орындалымдағы сорғыларға техникалық қызмет көрсету жұмыстары тек Grundfos компаниясымен немесе Grundfos компаниясы авторландырған сервистік орталықпен орындалуы тиіс.

Сорғының корпусы, жұмыс дөңгелегі және т.б. сияқты гидравликалық бөліктеріне бұның қатысы жоқ.



Ескертпе
Егер электр қорегінің кабелі зақымданған болса, ол Grundfos компаниясының сервистік орталығымен немесе тиісті біліктілігі бар қызмет көрсетуші персоналмен айырбасталуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды бастар алдында сорғыны таза сумен мұқият жуып шаю керек. Бөлшектегеннен кейін, сорғының тетіктерін таза сумен жуып шаю керек.

12.1 Қарау

